

**№ 43 «Гүлдәурен» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді**

**Қатысқандар:** балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне бақылауды жүзеге асыру

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша** қамқоршылық кеңес мүшесі Дузбаева Салтанат Адилбекова "Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен қамтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұрады.

- Жанат Төлешқызы, балабақшадағы тамақтың сапасы бақылана ма? - деп сұрақ қойды.

**Шығып сөйлеушілер:**

**Комиссия мүшесі:** К.Т. Шокпарова

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес объектілерде ас блогы болады. Ал оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда топтардың санына қарай аспаз штаты қарастырылған. Азық-түлік сапасының сертификаттарын азық-түлік жеткізушілері ұсынады. Мектепке дейінгі ұйымдардың медициналық қызметкерлері азық-түліктің сапасына күнделікті мониторинг жүргізеді, – деді К.Т. Шокпарова

**Жиналысқа қатысушы балабақша медбикесі :**

- Бөбекжай-бақшада балаларға 5 рет тамақ беріледі. Мәзір екі аптаға жасалады. Әрі мезгіл де ескеріледі. Мәселен, жаз-күз мезгіліне және қыс-көктем мезгіліне сәйкес мәзір әзірленеді. Балалардың рационның дәрумен, минералдардың болуын ескереміз. Аспаз күн сайын ас блогындағы дайын өнімдердің сынамасын алады. Барлық санитарлық талаптарды сақтаймыз, – деді бөбекжай-бақша медбикесі.

**Комиссия мүшесі:** Сагиева Наргиза Казбековна

- Ұлым екі жылдан бері осы балабақшаға барады. Тәрбиешілері балалардың уақытылы әрі дұрыс тамақтанатынын айтып отырады. Қазір балалардың иммунитеті төмен, оларға құнарлы, пайдалы тағамдарды беру керек деп есептеймін. Балабақшаның тамағы арнайы стандарттарға сай дайындалады ғой. Сондықтан тағамның бойында баланың ағзасына қажетті дәрумендер бар деп ойлаймын. Осы балабақшаның тазалығына, тағамдарына дән ризамын.

**Комиссия мүшесі: Муса Балнур**

- Ұлым қазір осы балабақшаға барады. Тамақтары ұнайды. Ұлымыздан: «Тамақ іштің бе, қарның ашып тұрған жоқ па?» деп сұрағанда, балабақшаның тамақтары дәмді екенін айтады. Тіпті өзінің сөзінде «біздің бақшамыздың тамағы мейрамхананың мәзірі сияқты» деп жиі айтады. Ата-ана ретінде көңілім толады. Барлық ұйымның тамақтары дәмді, құнарлы бола бермейді. Ұлым бұл балабақшаға дейін басқа білім беру ұйымына барған. Ол жердің тамағы мен тазалығы, балаларға жасаған жағдайы түк бізге ұнамады.

**Баланың тамақтануын ұйымдастыру, қауіпсіз, таза жерде жүруі, тәрбиеленуі – жауапты іс.**

**Қаулы етеді:**

1. Тамақтың сапасына қатысты мәселелер әрқашан бақылауда болсын.
2. Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне бақылау үнемі жүзеге асырылсын.

Осыны жауапты бөбекжай-бақша медбикеге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Дузбаева Салтанат Адилбекова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Баширова Лаура Қуанышқызы

Келісемін:

Балабақша басшысы К.Т. Шокпарова